

Халықаралық «Әл-Фараби 2025» олимпиадасының өту ережелері

1. Қатысушы <http://online-test.kaznu.kz> сайтына кіреді.
2. Тест тапсырмаларын орындар алдында міндетті түрде олимпиадаға тіркелу кезінде енгізген мәліметтері (логин, пароль) бойынша кіреді.
3. Тест түрін таңдайды: **Халықаралық олимпиада «Әл-Фараби-2025» I-ші немесе II-тур.**
4. Тестілеу тілін таңдайды.
5. Таңдау пәні бойынша олимпиадаға қатысу үшін бір ғана пәнді таңдайды.
6. Тестілеуді бастайды (гуманитарлық пәндерге 35 минут, жаратылыстану пәндеріне 50 минут уақыт беріледі):

I-кезеңнің тапсырмалары 1 бір деңгейден тұрады:

1-деңгейдің сұрағы 5 (бес) нұсқалы жауаптан тұрады, оның 1 (бір) ғана дұрыс нұсқасын таңдайды;

II-кезеңнің тапсырмалары 2 (екі) деңгейден тұрады:

1-деңгейдің сұрағы 6 (алты) нұсқалы жауаптан тұрады, оның 1 (бір) ғана дұрыс нұсқасын таңдайды;

2-деңгейдің сұрағы 6 (алты) нұсқалы жауаптан тұрады, оның 2 (екі) ғана дұрыс нұсқасын таңдайды;

Алдыңғы кезеңнің ең көп балл санының кемінде 75%-ын жинаған қатысушылар олимпиаданың келесі 2-3-кезеңіне өтеді.

Үшінші кезеңнің жаратылыстану-математикалық бағыты тапсырмалары теориялық және практикалық есептер түрінде және тест сұрақтарына жауап беруден болса, ал жалпы гуманитарлық бағытта эссе, жағдаяттық мәселелер шешімін шығару және тест сұрақтарына жауап беруден тұрады. Олимпиадаға қатысушылар келесі бағалау критерийлеріне сәйкес ситуациялық есептерді шешу ұсынылады: Материалды баяндау процесінде логикалық және аналитикалық ойлаудың көрінісі, материалды лексикалық және стильдік жағынан дұрыс беру, ғылыми терминологияны қолдану, белгілі бір мәселені және оның ашылу дәрежесін білу, әдеби дереккөздерді немесе құқықтық актілерге сілтемелерді пайдалану және сілтеме жасау, негізделген ғылыми болжамдардың болуы, жауаптың соңында конструктивті қорытындылар мен талдау жүргізу, қорытынды жасай білу.

Ескерту:

1. Қатысушы <http://online-test.kaznu.kz> сайтында кестеде белгіленген уақытта өзінің логині және паролімен кіріп тіркеледі және тест тапсырады.
2. Қатысушы I турға кез келген интернет желісі қосылған жерде қатыса береді (мектепте, үйде және т.б.).
 1. Қатысушы 2 турға кез келген интернет желісі қосылған жерде қатыса береді (мектепте, үйде және т.б.), қадағалау прокторинг арқылы жүргізіледі.
 2. Тіркелу кезінде қатысушы өзі туралы мәліметті тек қана кириллицамен толтыруы қажет.
 3. Қатысушы тестілеуді бір-ақ рет тапсыра алады, тестілеуді қайтадан тапсырған оқушылардың нәтижелерін комиссия қарастырмайды.
 4. Егер тестілеу кезінде қатысушы байқаусызда тест бетін немесе браузерді жауып тастаған жағдайда қатысушы қайтадан өзінің логин, паролімен кіре алады,

содан кейін **тесттер** қосымша парағына басу арқылы **бірінші тестті** басып (ол жерде **бітпеген деген статус** тұрады), ары қарай тест тапсырады.